

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 қарашадағы N 1948 Қаулысы

"2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына, "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына сәйкес, экономикалық ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне "Reed Smith, LLP" компаниясының (Лондон, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі) қалыптасқан төрелік талқылаулар бойынша Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу үшін 2009 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша 3286139 (үш миллион екі жүз сексен алты мың бір жүз отыз тоғыз) АҚШ долларына балама сомада ақшалай қаражат бөлінсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов